Бекітемін
Нұрдәулет-Бақ
меңгерушісі

## II.Кадрлармен жұмыс

### 2.1 Педагогикалық кеңестер

**Мақсаты:** Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға бірдей міндетті білім беру стандартына сәйкес педагогтарға педагогикалық білім, талдау және зерттеу дағдысын, бала дамуынан психологиялық-педагогикалық қолдауды ұйымдастыра білуге, кәсіби құзіреттілікті меңгеруге көмек беру.

**№1 пед кеңес**

| № | Мазмұны | Мерзімі | Жауапты |
|---|---|---|---|
| 1 | Жазғы сауықтыру жұмысының қортындысы | **Тамыз** | Меңгеруші А.Ескараева |
| 2 | Балабақшаның жаңа оқу жылына дайындығы (шолу тексерудің қортындысы) | | Әдіскер |
| 3. | Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министірінің 2022 жылғы 03 тамыздағы 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартымен ,Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы 137 қаулысымен Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделімен,әдістемелік нұсқаулықпен хатпен,үлгілік оқу бағдарламасымен , үлгілік оқу жоспарымен таныстыру | | Тәрбиеші А.Сахова |
| 4 | 2023-2024 оқу жылының жылдық жоспарын,ұйымдастырылған іс-әрекет кестесін ,күн тәртібін және тәрбиешілер мен мамандарды бекіту | | Әдіскер |
| 5 | Шығармашылық топ мүшелерін бекіту | | Меңгеруші Әдіскер |

**№2 пед кеңес**

| № | Мазмұны | Мерзімі | Жауапты |
|---|---|---|---|
| 1 | Тақырыбы: «Терең білім,еңбекқорлық және отаншылдық қасиет» Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы | **Қазан** | Меңгеруші А.Ескараева |
| 2 | 2022 жылы 14 қазанда 422 бұйрығымен бекітілген үлгілік оқу бағдарламасын түсіндіру | | Меңгеруші Әдіскер |
| 3 | Үлгілік бағдарламаның мазмұнын меңгеру бойынша бастапқы мониторингтің қортындысы | | Меңгеруші А.Ескараева |
| 4 | Тақырыпты бақылау : «Күннің екінші жартысындағы балалардың белсенділік әрекетін ұйымдастыру» қортындысы | | Меңгеруші Әдіскер |

**№ 3 пед кеңес**

| № | Мазмұны | Мерзімі | Жауапты |
|---|---|---|---|
| 1 | Тақырыбы: «Ата-ана,педагог арасындағы қарым-қатынас»<br>Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы | Қаңтар | Меңгеруші<br>А.Ескараева |
| 2 | Баяндама: «Ата-ана-бала педагог байланысының атқаратын ролі » | | Әдіскер |
| 3. | Педагогтармен тәрбиешілердің жарты жылдық есебі | | Тәрбиешілер |
| 4 | Тақырыпты бақылау «Физикалық қасиеттерді дамыту» қортындысы | | Тәрбиешілер |

**№4 пед кеңес.**

| № | Мазмұны | Мерзімі | Жауапты |
|---|---|---|---|
| 1 | Тақырыбы: «Ұлттық мәдениет пен дәстүр»<br>Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы | **Наурыз** | Меңгеруші<br>А.Ескараева |
| 2 | Дөңгелек үстел : «Отбасы,бала,балабақша» | | Тәрбиеші<br>Л.Мамбетова |
| 3 | Психологиялық тренинг | | Тәрбиешілер |
| 4 | Өткізілген ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттердің қортындысы | | Психолог<br>Н.Ахметова |
| 5 | Үлгілік бағдарламаның мазмұнын меңгеру бойынша аралық мониторингтың қортындысы | | Меңгеруші<br>Әдіскер |

**№ 5 пед кеңес.**

| № | Мазмұны | Мерзімі | Жауапты |
|---|---|---|---|
| 1 | Тақырыбы: «2023-2024 оқу жылының қортындылары»<br>№4 педагогикалық кеңестің шешімдерін орындау,талдау жасау | **Мамыр** | Меңгеруші<br>А.Ескараева |
| 2 | Оқу процесінің жылдық қортындысы | | Психолог<br>Н.Ахметова |
| 3 | Тәрбиешілер мен педагогтардың ,мейірбикенің жылдық жоспарының орындалу | | Тәрбиешілер |
| 4 | Жаз мезгілінің жоспарымен таныстыру | | Әдіскер |
| 5 | Тақырыпты бақылау қортындысы | | Меңгеруші |
| 6 | Үлгілік бағдарламаның мазмұнын меңгеру бойынша қортынды мониторингтің қортындысы | | Меңгеруші<br>Әдіскер |
| 7 | Тәрбиешілердің шығармашылық тақырып бойынша өткізілген іс-шаралары | | Меңгеруші |

**Педагогикалық кеңестің №1 хаттамасы**

**Қатысқандар: 31.08.2023**

**Тақырыбы:**

Күн тәртібінде:

1.Жазғы сауықтыру жұмысының қорытындысы.

2.Балабақшаның жаңа оқу жылына дайындығы (шолу тексерудің қорытындысы).

3.Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 03 тамыздағы 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартымен,Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы 137 қаулысымен Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделімен, әдістемелік нұсқаулықпен хатпен үлгілік оқу бағдарламасымен, үлгілік оқу жоспарымен таныстыру.

4.2023-2024 оқу жылының жылдық жоспарын,ұйымдастырылған іс –әрекет кестесіні күн тәртібін және тәрбиешілер мен мамандарды бекіту.

5.Шығармашылық топ мүшелерін бекіту.

1.Тыңдалды: Балабақша меңгерушісінің уақытша міндетін атқарушысы:Мамбетова Лаззат:Ол өз сөзінде жазғы сауықтыру шараларын қорытындылап тоқталып өтті.Балабақша тәрбиешілері жоспар бойынша жазғы сауықтыру шараларын өз уақытында орындап отырды.Түрлі эстафеталық ойындар өтілді. Дидактикалық ойындар ойнатты. Түрлі таңғы жаттығулар жасатып, жаз мезгілін қызықты етіп өткізгені туралы айтып өтті. Жазғы сауықтыру шараларының жұмыстарын ойдағыдай жасап шықты.Сонымен қатар балабақша мейірбикесі жаз мезгілінде көкөністермен жемістер туралы балаларға оларды жумай жеуге болмайтыны туралы, қайнатылған суды салқындатып ішу керектігі жөнінде әңгімелермен түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

2.Тыңдалды: Балабақша меңгерушісінің уақытша міндетін атқарушысы:Мамбетова Лаззат сөз алды.Педагогтарды жаңа оқу жылымен құттықтады.Тәрбиешілерге әрбір топқа шолу тексерудің қорытындысы бойынша әрбір топтытәрбиешілер өз  жауапкершілтерінде екендігін,Жиһаздарды ойыншықтарды, ыдыс аяқтарға жауапты сіздер және көмекші тәрбиешілеріңіз жауапты деп айтып өтті.Мен бәрін аралап, тексеріп, мейірбикеден есебін алып, қайта оған жауапты екенін ескерткім келеді деді.Жаңа оқу жылына сақадай сай  дайын деп ойлаймын деді.

3.Тыңдалды:  Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 03 тамыздағы 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартымен,Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы 137 қаулысымен Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделімен, әдістемелік нұсқаулықпен хатпен үлгілік оқу бағдарламасымен, үлгілік оқу жоспарымен таныстыру. Бойынша балабақша тәрбиешісі Сахова Айша баяндама оқыды. Қалған педагогтар тыңдап өз пікірлерін білдірді.(жазбаша түрі бар).

4. Төртінші мәселе бойынша, балабақша меңгерушісінің уақытша міндетін атқарушысы:Мамбетова Лаззат сөз алды.2023-2024 оқу  жылының жылдық жоспарын,ұйымдастырылған іс –әрекет кестесін, күн тәртібін  және тәрбиешілер мен мамандарды бекіту туралы қозғалды, ең алдымен балабақшаның жылдық жоспарының бөлімімен таныстырды. Жылдық жоспарда барлық педагогикалық жоспарды  жүзеге асыру арқылы ұйымның мақсат міндеттері,іс-әрекет және іс – шараларды өткізетін жауапты педагогтар нақты көрсетілген.Жас ерекшеліктеріне сәйкес құрылған оқу жоспары,күн тәртібі,ұйымдастырылған іс –әрекет бекітілген оқу жоспары мен жүктемеге,перспективалық жоспарға сай жүргізілсін.Сол себепті жылдық жоспарды бекітуге болады деп ойлаймын.Арықарай нақты жұмыс жасауларын ескертті.

5.Шығармашылық топ мүшелерін бекіту.

Бесінші мәселе бойынша барлық тәрбиешілердің протфолиоларын ретке келтіріп,толықтыру керектігі айтылды және жаңа келген тәрбиешілерге портфолио бастап, толықтыруларын ескертті.Шығармашылық топ мүшелері бекітілді.Тәрбиеші Дүйсебаева Гүлмира және Дүйсенбкеова Айсара шығармашылық топ мүшелері болып сайланды.

Шешімі:

1.Жаңа оқу жылында үлгілік оқу бағдарламасымен жұмыс жасалсын.

2.Тәрбиешілер портфолиоларын ретке келтіріп, шығармашылық тақырыптарымен толықтырсын.Сайланған шығармашылық топ мүшелері жұмыс жүргізсін.

Төрайымы б\б меңгерушісінің у.м.а.: Л.Мамбетова

Хатшы б\б тәрбиешісі: А.Жұмантай

Бекітемін
«Нұрдәулет бақ» б/б меңгерушісі:
А.Ескараева

**«Нұрдәулет бақ» бөбекжай балабақшасы 2023 – 2024 оқу жылына арналған тәрбие мен оқытудың үлгілік жоспары**

| № | Ұйымдастырылған іс - әрекеттер | «Балдәурен» ересек тобының (4-жастағы балалар) | | «Тұлпар» ересек тобының (4-жастағы балалар) | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | апталық | жылдық | апталық | жылдық |
| 1 | **Дене шынықтыру – 3** | **3** | **108** | **3** | **108** |
| 2 | Дене шынықтыру | күн сайын | | күн сайын | |
| 3 | Сөйлеуді дамыту -2 | күн сайын | | күн сайын | |
| 4 | Көркем әдебиет -2 | күн сайын | | үкн сайын | |
| 5 | Сауат ашу - 3 | | | | |
| 6 | Қазақ тілі | 1 | 36 | 1 | 36 |
| 7 | Қазақ тілі | күн сайын | | | |
| 8 | Математика негіздері - 3 | күн сайын | | күн сайын | |
| 9 | Құрастыру | күн сайын | | күн сайын | |
| 10 | Сурет салу | күн сайын | | күн сайын | |
| 11 | Мүсіндеу | күн сайын | | күн сайын | |
| 12 | Жапсыру | күн сайын | | күн сайын | |
| 13 | Музыка - 2 | 1 | 36 | 1 | 36 |
| | Қоршаған ортамен таныстыру - 2 | күн сайын | | күн сайын | |
| | **Ұйымдастырылған іс – әрекетінің ұзақтығы** | | | | |
| | **Ұйымдастырылған іс – әрекетінің жалпы жүктеме көлемі** | **6** | **216** | **6** | **216** |
| | **Барлығы** | **6** | **216** | **6** | **216** |

**Балабақша әдіскері:** **А.Ескараева**

Бекітемін
«Нұрдәулет бақ» б/б меңгерушісі:
А.Ескараева

**«Нұрдәулет бақ» бөбекжай балабақшасы 2023 – 2024 оқу жылына арналған тәрбие мен оқытудың үлгілік жоспары**

| № | Ұйымдастырылған іс - әрекеттер | «Ақ көгершін» ортаңғы тобының (3- жастағы балалар) | | «Балапан» ортаңғы тобының (3- жастағы балалар) | | «Балауса» кіі тобының (2 – жастағы балалар) | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | апталық | жылдық | апталық | жылдық | апталық | жылдық |
| 1 | **Дене шынықтыру – 3** | **3** | **108** | **3** | **108** | **3** | **108** |
| 2 | Дене шынықтыру | күн сайын | | күн сайын | | күн сайын | |
| 3 | Сөйлеуді дамыту | күн сайын | | күн сайын | | күн сайын | |
| 4 | Көркем әдебиет | күн сайын | | күн сайын | | күн сайын | |
| 5 | Қазақ тілі | 1 | 36 | 1 | 36 | | |
| 6 | Қазақ тілі | күн сайын | | күн сайын | | | |
| 7 | Математика негіздері | күн сайын | | күн сайын | | күн сайын | |
| 8 | Құрастыру | күн сайын | | күн сайын | | күн сайын | |
| 9 | Сурет салу | күн сайын | | күн сайын | | күн сайын | |
| 10 | Мүсіндеу | күн сайын | | күн сайын | | күн сайын | |
| 11 | Жапсыру | күн сайын | | күн сайын | | күн сайын | |
| 12 | Музыка - 1 | 1 | 36 | 1 | 36 | 1 | 36 |
| 13 | Қоршаған ортамен таныстыру | күн сайын | | күн сайын | | күн сайын | |
| | **Ұйымдастырылған іс – әрекетінің жалпы жүктеме көлемі** | **5** | **180** | **5** | **180** | **4** | **144** |
| | **Барлығы** | **5** | **180** | **5** | **180** | **4** | **144** |

**Балабақша әдіскері: А.Ескараева**

БЕКІТЕМІН
«Нұрдәулет-бақ» б/б меңгерушісі
А.Ескарбеева ____________
31 тамыз 2021 жыл

## Балабақшаның күн тәртібі

| № | Күн тәртібінің элементтері | Ересек «Тұлпар» тобы | Ересек «Балдәурен» тобы | Ортаңғы «Ақ көгершін» тобы | Ортаңғы «Балапан» тобы | Кіші «Балауса» тобы |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Балаларды қабылдау | 08.00-08.15 | 08.00-08.15 | 08.00-08.15 | 08.00-08.15 | 08.00-08.15 |
| 2 | Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру | 08.15-08.30 | 08.15-08.30 | 08.15-08.30 | 08.15-08.30 | 08.15-08.30 |
| 3 | Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және т.б әрекеттер) | 08.30-08.55 | 08.30-08.55 | 08.30-08.55 | 08.30-08.55 | 08.30-08.55 |
| 4 | Таңертеңгі жаттығу | 08.55-09.00 | 08.55-09.00 | 08.55-09.00 | 08.55-09.00 | 08.55-09.00 |
| 5 | Таңғы ас | 09.00-09.20 | 09.00-09.20 | 09.00-09.20 | 09.00-09.20 | 09.00-09.20 |
| 6 | Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық | 09.20-09.30 | 09.20-09.30 | 09.20-09.30 | 09.20-09.30 | 09.20-09.30 |
| 7 | Ұйымдастырылған іс-әрекеттер | 09.30-09.55 | 09.30-09.55 | 09.30-09.50 | 09.30-09.50 | 09.30-09.45 |
| 8 | Серуенге дайындық | 09.55-10.15 | 09.55-10.15 | 09.50-10.10 | 09.50-10.10 | 09.45-10.05 |
| 9 | Серуен | 10.15-12.20 | 10.15-12.20 | 10.10-12.00 | 10.10-12.00 | 10.05-11.45 |
| 10 | Серуеннен оралу | 12.20-12.40 | 12.20-12.40 | 12.00-12.20 | 12.00-12.20 | 11.45-12.05 |
| 11 | Түскі ас | 12.40-13.00 | 12.40-13.00 | 12.20-13.00 | 12.20-13.00 | 12.05-12.45 |
| 12 | Күндізгі ұйқы | 13.00-15.15 | 13.00-15.15 | 13.00-15.10 | 13.00-15.10 | 12.45-15.05 |
| 13 | Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары | 15.15-15.35 | 15.15-15.35 | 15.10-15.35 | 15.10-15.35 | 15.05-15.35 |
| 14 | Бесін ас | 15.35-16.00 | 15.35-16.00 | 15.35-16.00 | 15.35-16.00 | 15.35-16.00 |
| 15 | Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және т.б әрекеттер) | 16.00-16.30 | 16.00-16.30 | 16.00-16.30 | 16.00-16.30 | 16.00-16.25 |
| 16 | Балалармен жеке жұмыс | 16.30-16.55 | 16.30-16.55 | 16.30-16.50 | 16.30-16.50 | 16.25-16.40 |
| 17 | Серуенге дайындық | 16.55-17.00 | 16.55-17.00 | 16.50-16.55 | 16.50-16.55 | 16.40-16.50 |
| 18 | Серуен | 17.00-18.00 | 17.00-18.00 | 16.55-17.55 | 16.55-17.55 | 16.50-17.50 |
| 19 | Балалардың үйге қайтуы | 18.00-18.30 | 18.00-18.30 | 17.55-18.30 | 17.55-18.30 | 17.50-18.30 |

БЕКІТЕМІН
«Нұрдәулет-бақ» б/б меңгерушісі
А.Ескараева ________
31 тамыз 2023 жыл

## Ұйымдастырылған іс- әрекетінің кестесі
## 2023-2024 оқу жылы

### *Ересек «Тұлпар» тобы*

| ҰІӘ | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| *Дене шынықтыру – 3* | | Дене шынықтыру (1,0) | Дене шынықтыру (1,0) | | Дене шынықтыру (1,0) |
| *Қазақ тілі – 1* | Қазақ тілі (1,0) | | | | |
| *Музыка – 1* | | | | Музыка (1,0) | |

| № | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Жас топтары |
|---|---|---|
| | | Ересек топ |
| 1 | Дене шынықтыру | Аптасына үш рет |
| | Дене шынықтыру ** | Күн сайын |
| 2 | Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет | Күн сайын |
| 3 | Қазақ тілі | Аптасына бір рет |
| | Қазақ тілі *** | Күн сайын |
| 4 | Математика негіздері | Күн сайын |
| 5 | Қоршаған ортамен таныстыру | Күн сайын |
| 6 | Сурет салу | Күн сайын |
| | Мүсіндеу | |
| | Жапсыру | |
| | Құрастыру | |
| 7 | Музыка | Аптасына екі рет |
| | Музыка *** | Күн сайын |

| № | Ұйымдастырылған іс-әрекет*/ Балалардың іс-әрекеті | Аптадағы өткізу жиілігі | Аптадағы нормативтік жүктеме |
|---|---|---|---|
| 1 | Дене шынықтыру | | 3 сағат |
| | Дене шынықтыру ** | Күн сайын | |
| 2 | Сөйлеуді дамыту | | 2 сағат |
| | Көркем әдебиет | | 2 сағат |
| | Қарым-қатынас іс-әрекеті | Күн сайын | |
| | Қазақ тілі | | 2 сағат |
| | Қазақ тілі *** | Күн сайын | |
| 3 | Сауат ашу негіздері | | 3 сағат |
| | Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет | Күн сайын | |
| 4 | Математика негіздері | | 3 сағат |
| | Танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті | Күн сайын | |
| 5 | Қоршаған ортамен таныстыру | | 2 сағат |
| | Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті | Күн сайын | |
| 6 | Сурет салу | | 1 сағат |
| | Мүсіндеу | | |
| | Жапсыру | | |
| | Құрастыру | | |
| 7 | Шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті | Күн сайын | |
| | Музыка | | 2 сағат |
| | Музыка *** | Күн сайын | |
| | **Барлығы** | | **20 сағат** |

БЕКІТЕМІН
«Нұрдәулет-бақ» б/б меңгерушісі
А.Ескараева
31 тамыз 2023 жыл

## Ұйымдастырылған іс- әрекетінің кестесі
## 2023-2024 оқу жылы

### *Ересек «Балдәурен» тобы*

| ҰІӘ | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| ***Дене шынықтыру – 3*** | | Дене шынықтыру (1,0) | Дене шынықтыру (1,0) | | Дене шынықтыру (1,0) |
| ***Қазақ тілі – 1*** | Қазақ тілі (1,0) | | | | |
| ***Музыка – 1*** | | | | Музыка (1,0) | |

| № | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Жас топтары |
|---|---|---|
| | | **Ересек топ** |
| 1 | Дене шынықтыру | Аптасына үш рет |
| | Дене шынықтыру ** | Күн сайын |
| 2 | Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет | Күн сайын |
| 3 | Қазақ тілі | Аптасына бір рет |
| | Қазақ тілі *** | Күн сайын |
| 4 | Математика негіздері | Күн сайын |
| 5 | Қоршаған ортамен таныстыру | Күн сайын |
| 6 | Сурет салу | Күн сайын |
| | Мүсіндеу | |
| | Жапсыру | |
| | Құрастыру | |
| 7 | Музыка | Аптасына екі рет |
| | Музыка *** | Күн сайын |

БЕКІТЕМІН
«Нұрдәулет-бақ» б/б меңгерушісі
А.Ескараева ___________
31 тамыз 2023 жыл

**Ұйымдастырылған іс- әрекетінің кестесі**
**2023-2024 оқу жылы**

***Ортаңғы «Ақ көгершін» тобы***

| ҰІӘ | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| *Дене шынықтыру – 3* | Дене шынықтыру (1,0) | Дене шынықтыу (1,0) | | Дене шынықтыу (1,0) | |
| *Қазақ тілі – 1* | | | | | Қазақ тілі (1,0) |
| *Музыка – 1* | | | Музыка (1,0) | | |

| № | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Жас топтары |
|---|---|---|
| | | Ортаңғы топ |
| 1 | Дене шынықтыру | Аптасына үш рет |
| | Дене шынықтыру ** | Күн сайын |
| 2 | Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет | Күн сайын |
| 3 | Қазақ тілі | Аптасына бір рет |
| | Қазақ тілі *** | Күн сайын |
| 4 | Математика негіздері | Күн сайын |
| 5 | Қоршаған ортамен таныстыру | Күн сайын |
| 6 | Сурет салу | Күн сайын |
| | Мүсіндеу | |
| | Жапсыру | |
| | Құрастыру | |
| 7 | Музыка | Аптасына бір рет |
| | Музыка *** | Күн сайын |

БЕКІТЕМІН
«Нұрдәулет-бақ» б/б меңгерушісі
А.Есқараева ___________
31 тамыз 2023 жыл

## Ұйымдастырылған іс- әрекетінің кестесі
## 2023-2024 оқу жылы

### *Ортаңғы «Балапан» тобы*

| ҰІӘ | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| *Дене шынықтыру – 3* | Дене шынықтыру (1,0) | | Дене шынықтыу (1,0) | | Дене шынықтыу (1,0) |
| *Қазақ тілі – 1* | | Қазақ тілі (1,0) | | | |
| *Музыка – 1* | | | | Музыка (1,0) | |

| № | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Жас топтары |
|---|---|---|
| | | Ортаңғы топ (3 жастағы балалар) |
| 1 | Дене шынықтыру | Аптасына үш рет |
| | Дене шынықтыру ** | Күн сайын |
| 2 | Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет | Күн сайын |
| 3 | Қазақ тілі | Аптасына бір рет |
| | Қазақ тілі *** | Күн сайын |
| 4 | Математика негіздері | Күн сайын |
| 5 | Қоршаған ортамен таныстыру | Күн сайын |
| 6 | Сурет салу | Күн сайын |
| | Мүсіндеу | |
| | Жапсыру | |
| | Құрастыру | |
| 7 | Музыка | Аптасына бір рет |
| | Музыка *** | Күн сайын |

БЕКІТЕМІН
«Нұрдәулет-бақ» б/б меңгерушісі
А.Ескараева
31 тамыз 2023 жыл

# Ұйымдастырылған іс- әрекетінің кестесі
# 2023-2024 оқу жылы

***Кіші «Балауса» тобы***
***(2 жастағы балалар)***

| ҰІӘ | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| *Дене шынықтыру – 3* | Дене шынықтыру (1,0) | | Дене шынықтыру (1,0) | | Дене шынықтыру (1,0) |
| *Музыка – 1* | | Музыка (1,0) | | | |

| № | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Жас топтары |
|---|---|---|
| | | Кіші топ (2 жастағы балалар) |
| 1 | Дене шынықтыру | Аптасына үш рет |
| | Дене шынықтыру ** | Күн сайын |
| 2 | Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет | Күн сайын |
| 3 | Сенсорика | Күн сайын |
| 4 | Қоршаған ортамен таныстыру | Күн сайын |
| 5 | Сурет салу | Күн сайын |
| | Мүсіндеу | Күн сайын |
| | Жапсыру | Күн сайын |
| | Құрастыру | Күн сайын |
| 6 | Музыка | Аптасына бір рет |
| | Музыка *** | Күн сайын |

«Нұрдәулет-бақ » бөбекжай балабақшасы ЖШС

# Педагогикалық кеңес

# БАЯНДАМА

Ересек «Тұлпар» тобы

Тәрбиешісі: А Сахова

# ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС

## ТАҚЫРЫБЫ: БАЛАБАҚШАДА БАЛАЛАРДЫҢ ДЕНЕ БІТІМІНІҢ ЖАН – ЖАҚТЫ ДАМУЫНА ЖАҒДАЙЛАР ТУҒЫЗУ.

**Мақсаты:** балабақшадағы сауықтыру – шынықтыру жұмысының деңгейін көтеру.

**Міндеті:** педагогтың жұмысын саралау және тәрбиеленушілердің денсаулығын қорғау және сақтау; аталған мәселенің шешімі бойынша педагогтың кәсіби шығармашылық белсенділігін ынталандыру; педагогтың идеясының банкін жаңа бастамасымен отбасының өзара әрекеті арқылы балаларды сауықтыру жұмысымен толықтыру.

**Өтілу түрі:** Іскерлік пікір - талас

**Педагогикалық кеңестің күн тәртібі:**

1. Педагогикалық кеңестің тақырыбы бойынша кіріспе сөзі **әдіскер**

2.Тартымды рефлексивті-рөлдік ойын: "Балабақшада баланың дені сау болу үшін не көмектеседі.

1. Сергіту сәті

Медбикенің кіріспе сөзі. «Жас ерекшеліктері бойынша баланың ауру – сырқау нәтижесі»

Дене шынықтыру нұсқаушысының хабарламасы «Мектепке дейінгі балалардың физикалық тәрбиесінде денсаулық сақтау технологиясын қолдану

Педагогтардың ұсынған идеяларының нәтижелері. МДМ педагогикалық ұжымының мектепке дейінгі балалардың денсаулығының сақтау зерттемесі «Әрекет бағдарламасы»

Жүктемесінің көлемі бойынша айтып көрейін. Топтарды жиынтықтау мәселсеінде бізде балабақшада

Ерте жас -1жастан бастап

Кіші топ- 2 жастан бастап

Ортаңғы топ-3жастан батап

Ерекес топ-4жастан батсап

Биылғы оқу жылында бұл жөнінде өзгерістер болған одан хабарларыңыз бар.Естеріңізде болса бұрынғы стандарт бойынша мектеп алды даярлық тобында 5-6 жас (7 жас) жастағы балалар делінген. Ал биылғы өзгерістер балабақшадағы да, мектеп алды сыныбына тек 5 жастағы балалар қабылданады.

Енді мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу жоспары туралы айтып, кетеиін. Барлығыңыз білесіздер Қазақтан РЕспубликасының Білім және Ғылым министірінің 2022 жылғы 03 тамыздағы №347 бұйрығымен бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарына сәйкес жүзеге асырылады.Осы аталған №557 бұйрыққа 12 мамыр 2020 жылғы № 195 бұйрықпен өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Бұл жерде айырмашылықтарына тоқталып кетейін.

«Денсаулық» білім беру саласы - ерте жас, кіші топ, ортаңғы топ, ересек топтарға-3 сағат бекітілген.

«Қатынас» ерте жас 1- сағат, көркем әдебиет-0,5, сөйлеуді дамыту -05, Кіші топта 1-сағат, сөйлеуді дамыту 0,5, көркем әдебиет 0,5, орыс тілі. 1- сағат көркем әдебиет,ересек топта -2,5 сағат, 1- сағат сөйлеуді дамыту, 0,5 орыс тілі.

«Таным» білім беру саласы-ерте жас-1сағат,сенсорика-0,5, жаратылыстану-0,5.Кіші топқа -2,1 сағат жаратылыстану,0,5 сағат сенсорика,0,5 сағат құрастыру.

Ортаңғы топ , ересек топтарға -2,5 сағат, 1- сағат жаратылыстану,1 сағат математика негіздері,, 0,5 сағат құрастыру.

«Шығармашылық» Ерте жас-2 сағат, сурет салу -0,5 сағат, музыка – 1,0 сағат, мүсіндеу -0,5 сағат. Кіші тобына -3сағат, 1 сағат-сурет салу, 0,5 сағат –музыка,0,25 сағат мүсіндеу, 0,25 сағат мүсіндеу,0,25-сағат жапсыру, 0,5 сағат –музыка.Ересек топ-3,5 сағат, 1 сағат –сурет алу, 0,5 сағат – мүсіндеу,0,5 сағат жапсыру, 1,5 сағат –музыка.

«Әлеумет» білім саласы бойынша ерте жас кіші топтарында ұйымдастырылған оқу қызметі жүргізілмейді.Ал ортаңғы топ және ересек тобында-0,5 сағат қоршаған ортамен танысу. Енді айта кететін өзгерістер «Әлеумет» білім саласындағы 0,25 экология оқу қызметі алынып, қоршаған ортамен таныстыру- 0,5 сағат болған.

Вариативтік компонент бойынша сағат саны ортаңғы топта -1 сағат Сиқырлы қалам. Ересек топта-2сағат, «Шығармашылық» Ғажайып түстер – 1сағат,Ертегілер елінде -1сағат.

Балабақша меңгерушісі: у.м.а Л.Мамбетова педагоктерді жаңа оқу жылының басталуымен құттықтай отырып, күн тәртібінде қаралатын мәселелермен таныстырды. Педагогикалық кеңестің құрамына блім беру ұйымының басшысы (төрағасы), әдіскер, педагогтар, тәрбиешілер кіретіндігін айтады. Сонымен қатар, педагогикалық кеңестің өз

құрамына хатшы сайлау керектігін айта отырып, 2023-2024 оқу жылында педагогикалық кеңестің хатшысы болып А.Жұмантай болып сайланғандығын естеріне түсіріп өтті.

**Сөз сөйлеген:** тәрбиеші А.Сахова

Тәрбиеші А.Сахова 2023-2024 оқу жылында педагогикалық кеңестің хатшысы болыпт осы аталған адамдар кеңес хаттамасын сауатты жүргізіп, баяндама,хабарламашылардың материалдарын осы уақытта жинқтап отырғандығын айта отырып, қайта сайлауды ұсынды. Педагогикалық кеңестің құрамы бір ауыздан хатшы ретінде балабақша тәрбиешісі А.Жұмантай сайланды.

**1.Тыңдалды:** Күн тәртібінде қаралатын бірінші мәселе бойынша бөбекжай меңгерушісі у.м.а Л.Мамбетова жылдық жоспардың бөлімімен, жасалу принціпімн, балабақшаның жұмыс бағыты, мақсаты,міндетімен таныстырып өтті. 2023-2024 оқу жылының жылдық жоспары 5 бөлімнен тұрад.

2023-2024 оқу жылына Мектеп жасына дейінгі баланың жалпы адамгершілі құндылықтарын танып, біліп меңгеру нәтижеснде баланың жеке тұлғасын, ішкі жан дүниесін қалыптастырып , тілін жетілдіріп, өзін-өзі тану арқылы қоршаған ортаға деген көзқарасын дамыту мақсатында:

- Баланың өмірін сақтау және денсаулығын нығайту, толыққанды дене бітімін дамыту, салауатты өмір салтына тәрбиелу;
- Рухани адамгершілік тәрбие мазмұнын қарапайым сүйіспеншілік, денсаулық, достық, бақыт сиякты құндылықтарға баулу;
- Баланың өз бойындағы жақсы қасиеттері нгізінде жаман әдеттерен бойын аулақ ұстауға үйрету;
- Күнделікті бірлесе атқаратын іс-қимылдар барысында балалардың бойында қоршаған орта құбылыстарымен адамгершілік қарым қатынас жасау міндеті алынды.
- Жылдық жоспарда осы міндеттнрді шешу мақсатында жұмыстар жзоспарланған. Тәрбиешілер өз білімін көтеру бойыноша жұмыс бағыттарын әр тәрбиешінің келесі мәселесіне жеке-жеке тоқталып өтті. Балабақша педагогтерге өздернің алған мәселерері бойынша жоспарлары талқыланды.Сондай –ақ Г.Дүйсебаева жылдық жоспарда оқу жылына 5 педагогикалық кеңес, 3 баллардың негізгі құзыреттілігінің қалыптасуын анықтау маниторинг жоспарланды. Балабақшаның оқу-тәрбие жұмысын басқару және бақылау бойынша оперативті, салыстырмалы, тақырыптық бақылаулар әр айға жоспарланды.Оқу жылы барысындатақырыптық оқу қызметтері мен ертеңгіліктер және басқа да жоспарланған. Ата-аналариен жұмыс бөлімінде 2-жалпы, 3 –топтық ата –аналар жиналысы.

**1.СӨЗ СӨЙЛЕГЕН:** А Сахова

**Тәрбиеші:** А.Сахова жылдық жоспарда барлық педагогтың жоспарды жүзеге асыру рөлі. ұйымның мақсат - міндеттері, іс- әрекет және қызәмет түрлерін іске асыру қызметі және іс-шараларды өткізетін жауапты адамдар нақты көрсетілген. Сол себепті менің ойымша беітуге болады деп ойлаймын деп өз ойын түйіндеді.

**2. СӨЗ СӨЙЛЕГЕН:** А.Сахова онда жылдық жоспарды бекіту үшін дауысқа салайық деп ұсыныс жасады. 2023-2024 оқу жылының жылдық жоспарының бекітілуін бір ауыздан қолдады.

**2. ТЫҢДАЛДЫ:** меңгершісі: Л.Мамбетова

**2023-**2024 оқу жылына құрылған ұйымдастырылған оқу қызметінің перспективтік жоспары Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрнің 2016жылғы 22 маусым күні бекітілген № 391 бұйрығымен 1-қосымшасында көрсетілген сағат саны мен

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министірінің Бес білім беру саласы бойынша оқу қызметіне құрылған перспективтік жоспар төмендегідей.

Ерте жас үшін Кіші топтарүшін дене шынықтыру – 108, көркем әдебиет -18, сөйлеуді дамыту – 18, сенсорика -18, кіші топ жаратылыстану -36, музыка -54, сурет -36, мүсіндеу - 9, жапсыру -9 сағат.

Ортаңғы топ үшін дене шынықтыру -108 сағат, көркем әдебиет -18, сөйлеуді дамыту- 36, орыс тілі-18, математика негіздері-36, құратыру -18, жаратылыстану-36, музыка -54, сурет алу – 36, жапсыру -9, мүсіндеу -9, қоршаған ортамен танысу -18, вариативтік компонент -36,

Ересек топтары үшін дене шынықтыру -108, көркем әдебиет -36, сөйлеуді дамыту -36, құрастыру -18, музыка – 54, сурет салу -36, жапсыру -18, мүсіндеу -18, орыс тілі – 18, қоршаған ортамен танысу-9, математика негіздері -36, вариативтік компонент – 72 сағатқа жоспарланды.

9 шілдедегі №9 бұйрығымен бекітілген «Балаларды мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту обектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиогиялық талаптар» санитариялық қағидалардың кестесіне сәйкес құрылды.

**3.ТЫҢДАЛДЫ:** Балабақша меңгерушісі у.м.а Л.Мамбетова педагогтардың біліктілігіне санатына байланысты кадр мүшелеріне топтарға бөлінді. Әр тәрбиеші өз ісіне мұқият, әрі талапқа сай қарауын, балаларды жаңа бағдарлама, жаңа техонологияны пайдалана отырып, ойлау қабілеттерімен сөйлеу мәнерінің дамуына үлестерін аямай қосуды айтып өтті.

**4.ТЫҢДАЛДЫ:** Г.Дүйсебаева «Мектепке дейінгі жастағы балалардың мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру» пікір алмасу жүргізді. Балаға көп көңіл бөлу керектігі жайлы айтлд. Пікір алшмасу аясында педагог үшін мыналар маңызды болмақ: Педагог шебер сұрақ қоюшы болуы қажет, себебі? Ықтимал себептері оқудағы олқылықтарды анықтау үшін ; Балалардың ойларын бағыттау түшін; Бағалау үшін;

**Шешім:**

1. 2023-2024 оқу жылының жылдық міндеттемесімен, жылдық жоспары бекітілсін. Жылдық жоспар негізінде жоспарланған іс-шаралар уақытылы өткізілсін.

2. Жас топтарына сәйкес құрылған оқу жоспары, күн тәртібі, оқу қызметінің жүктеиелік кестесі және перспективтік жоспары бекітілсін.

3. Ұйымдастырылған оқу қызметі бекітілген оқу жоспары мен жүктемеге, перспективтік жоспарға сәйкес жүргізілсін.

Педагогикалық кеңес төрайымы: Л.Мамбетова

Хатшы: А.Жұмантай

Нөмірленген байланған
18 парақ
Балабақша меңгерушісі

"НҰРДӘУЛЕТ-ЗАК" бөбекжай-балабақшасы

**Педагогикалық кеңестің №2 хаттамасы**

**Қатысқандар: 02.10.2023**

**Тақырыбы:**«Терең білім,еңбекқорлыққа және отаншылдық қасиет»

Күн тәртібінде:

1.Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы.

2.2022 жылы 14 қазанда 422 бұйрығымен бекітілген үлгілік оқу бағдарламасын түсіндіру.

3.Үлгілік бағдарламаның мазмұнын меңгеру бойынша бастапқы мониторингтің қорытындысы.

4.Тақырыпты бақылау: «Күннің екінші жартысындағы балалардың белсенділік әрекетін ұйымдастыру»қорытындысы.

1.Бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі А.Ескараева өткен №1 педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуы туралы айтып өтті.Балабақшада баланың тілін дамыту іс-әрекеті жүзеге асырылады.Педагогтардың шығармашылық тақырыптары бойынша тәжірибе жинақтап жұмыс жүргізіп жатыр.Жаңа оқу жылында үлгілік оқу бағдарламасымен жұмыс жасалып жатыр.

2.Екінші сұрақ бойынша 2022 жылы 14 қазанда 422 бұйрығымен бекітілген үлгілік оқу бағдарламасын түсіндіру.Педагогтар арасында пікір алмасты оқып, түсінбеген жерлерін айтып талқыланды.

3.Үлгілік бағдарламаның мазмұнын меңгеру бойынша бастапқы мониторингтің қорытындысы.бойынша балабақша меңгерушісі А.Ескараева айтып өтті.Үлгілік бағдарламаның мазмұнын меңгеру бойынша маниторинг жүргізудің әдістемелік ұсынымдарын»2023-2024 оқу жылындағы мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып қабілеттерімен дағдыларын даму деңгейін қадағалау бойынша қыркүйек айында тапсырылды.Осыған орай балабақшамыздың жас ерекшеліктеріне

сай мониторингтер жасалынды.Бүлдіршіндеріміздің бағалау жүйеміз қанағаттанарлық болды.

4.Тақырыпты бақылау: «Күннің екінші жартысындағы балалардың белсенділік әрекетін ұйымдастыру» қорытындысы.Бойынша меңгеруші:А.Ескараева айтып өтті.Тақырыпты тексеру барысында анықталған топтарда әрбір тәрбиеші күннің екінші жартысындағы балалардың белсенділік әрекетін ұйымдастыру барысында балалардың белсенділік әрекетін қалыптастыру керек деді.

Шешімі:

1.Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы қанағаттанарлық.

2.Тақырыпты тексерудің қорытындысының анықтамасындағы ұсыныстар бойынша жұмыстар жүргізілсін.

3.Бастапқы маниторнг жүргізілді.

Төрайымы б\б меңгерушісі: А.Ескараева
Хатшы б\б тәрбиешісі: А.Жұмантай

НҰРДӘУЛЕТ-БАҚ бөбекжай-балабақшасы

Нөмірленген бауланған
2 парақ
Балабақша меңгерушісі

«Нұрдәулет бақ» бөбекжай балабақшасы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

# № 3 Педагогикалық кеңес

**Өткізілген уақыты:** 5қаңтар 2024 жыл

**Түрі:**Дәстүрлі

**Тақырыбы:**Тәрбиеленушілердің қарым-қатынас дағдысы

**Мақсаты:**Тәрбиеленушілердің коммуникативтік, әлеуметтік, когнитивтік дағдыларын қалыптастыру

:



Қазыбек би а\о, Абиболла ауылы
2023-2024оқу жылы

## ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕСТІҢ КЕЗЕКТІ ОТЫРЫСЫ.

### ХАТТАМА №3

**Өткізілген уақыты:** 5 қаңтар 2024 жыл

**Түрі:** Дәстүрлі

**Тақырыбы:** Тәрбиеленушілердің қарым-қатынас дағдысы

**Мақсаты:** Тәрбиеленушілердің коммуникативтік, әлеуметтік, когнитивтік дағдыларын қалыптастыру

**Төрайымы:** А.Ескараева

**Хатшысы:** А.Жұмантай

**Барлық педагогтар саны:9**

**Қатысқан педагогтар саны: 9**

### КҮН ТӘРТІБІ:

1. №2 педкеңестің шешімдерінің орындалуы
2. «Мектеп жасына дейінгі балалардың коммуникативтік дағдыларын қалыптастыру». баяндама
3. «Мектеп жасына дейінгі балаларға әлеуметтік дағдыларды игертудің жолдары» (кеңес)
4. Үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнын игеру бойынша аралық даму мониторингі

**КЕЛЕСІ ПЕДКЕҢЕСКЕ ТАПСЫРМА**: «Отанды, ана тілін сүюге, ұлттық бірегейлік пен азаматтық негіздеріне және патриотизмге баулу».

1. **ТЫҢДАЛДЫ:**

**Бірінші мәселе бойынша,** балабақша меңгерушісі №2 Педагогикалық кеңестің шешімінің орындалуы жөнінде айтты. Балабақшада балалардың дене бітімінің жан – жақты дамуына жағдайлар жасалғанын, сонымен қатар, мектепке дейінгі білім беру ұйымында денсаулық сақтау технологияларын

қолдану және мектеп жасына дейінгі балалардың салауатты өмір салтын қалыптастыру дағдысы өз жалғасын тауып жатқанын айтты.

**ШЕШІМІ:**

1. №2 педагогикалық кеңестің шешімі орындалды деп есептелінсін.

**ТЫҢДАЛДЫ: Екінші мәселе бойынша,** тәрбиеші «Мектеп жасына дейінгі балалардың коммуникативтік дағдыларын қалыптастыру» тақырыбында баяндама оқыды. Онда мектепке дейінгі жастағы балалардың коммуникативті құзыреті және оның құрылымы үш компоненттен (мотивациялық-жеке, мінез-құлық және танымдық элемент) тұратынын атап, оларға жеке тоқталды. Мектеп жасына дейінгі балалардың коммуникативтік дағдыларын қалыптастыру балаға айналадағы адамдарды түсіну, ересектермен айқын тілде сөйлесу, жағдайға лайықты түрде сезім мен эмоцияларды білдіріп, сұрақтар қоюға, ауызша және ауызша емес қарым-қатынас жолдарын пайдалануға мүмкіндік беретінін айтты.Ол үшін, оқу үдерісінде балалармен қарым-қатынас жасағанда, біз белгілі бір ережелерді сақтауы керек. Мәселен, әрбір баламен жеке байланыс орнатылуы тиіс, сіз баланың көз деңгейінде сөйлесу керексіз, баланың ойын соңына дейін тыңдаған жөн т.б.

**ШЕШІМІ:**

1. Мектеп жасына дейінгі балалардың коммуникативтік дағдыларын қалыптастыру бағытында жұмыс жүргізілсін.

**3. ТЫҢДАЛДЫ:**

**Үшінші мәселе бойынша,** балабақша әдікері «Мектеп жасына дейінгі балаларға әлеуметтік дағдылары игертудің жолдары» тақырыбында кеңес берді. Балалардың әлеуметтік-жеке-тұлғалық дамуы – мектепке дейінгі білім беру үрдісі бағыттарының негізгілерінің бірі болып, адамгершілік және эстетикалық құндылықтармен тығыз байланыста екенін де атап көрсетуге болатынын айтты.«Ойын қызметін ұйымдастыруда әр балаға жеке тұлғалық қатынас баланың тұлғалық дамуында маңызды мағынаға ие. Осыны жақсы түсіне біліп, ойынды ұйымдастырғанда ұялшақ, өте белсенді, физикалық немесе психикалық дамуы тежеулі, ашуланшақ, ұрыншақ, ешкіммен араласа қоймайтын балалардың әрқайсысының жеке қасиеттерін ескере ұйымдастырған жөн» - деп кеңес берді.

**ШЕШІМІ:**

1. Мектеп жасына дейінгі балаларға әлеуметтік дағдылары игерту қолға алынсын.

4.**ТЫҢДАЛДЫ:**

**Төртінші мәселе бойынша**, балабақша әдіскері Ескараева Аягоз аралық мониторинг нәтижесі туралы көрсетті. Мониторинг баланың жетістіктерін қадағалау, балаларды тәрбиелеу мен дамытуда жеке тәсілдерді қамтамасыз ету, түзету іс-шараларын жедел жоспарлау негізінде білім беру процесін жетілдіру және баланың Үлгілік бағдарларма мазмұнын игеру деңгейін анықтау мақсатында жүргізілетінін айтты. Соның негізінде, аралық мониторинг 2024 жылдың қаңтар айында 4 топта жүргізілгенін айтты. Оның ішінде 1 кіші топ, 2 ортаңғы топ, 2 ересек тобы. Барлық топ бойынша бала саны - 120.

Бұл көрсеткіштер әр жас ерекшелік бойынша салыстырмалы түрде көрсетілді және анықтамасы тәрбиешілер тарапынан да, әдіскер тарапынан да айтылды.

**ШЕШІМІ:**

1. Педагогтар аралық мониторинг нәтижесіне сәйкес балаларды тәрбиелеу және дамыту тәсілдерімен қамтамасыз етіп, түзету іс-шаралары жүргізілсін.

Педагогикалық кеңес төрайымы: А.Ескараева

Хатшы: А.Жұмантай

Нөмірленген ... тігілген
4 парақ ... 4 бетте
Балабақша меңгерушісі

«НҰРДӘУЛЕТ-БАҚ» бөбекжай-балабақшасы

«Нұрдәулет бақ» бөбекжай балабақшасы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

**№ 4 Педагогикалық кеңес**

**Өткізілген уақыты:** 1 наурыз 2024 жыл

**Тақырыбы:** «Ұлттық мәдениет пен дәстүр»

**Мақсаты:** «Ұлттық мәдениет пен дәстүрді дәріптеу, қалыптастыру»



Қазыбек би а\о, Абиболла ауылы
2023-2024оқу жылы

## ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕСТІҢ КЕЗЕКТІ ОТЫРЫСЫ.

## ХАТТАМА №4

**Өткізілген уақыты:** 1 наурыз 2024 жыл
**Тақырыбы:** «Ұлттық мәдениет пен дәстүр»
**Мақсаты:** «Ұлттық мәдениет пен дәстүрді дәріптеу, қалыптастыру»
**Төрайымы:** А.Ескараева
**Хатшысы:** А.Жұмантай
**Барлық педагогтар саны:9**
**Қатысқан педагогтар саны: 9**

## КҮН ТӘРТІБІ:

1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы
2. «Отбасы,бала,балабақша». баяндама
3. Психологиялық тренинг
4. Өткізілген ашық ұйымдастырылған іс – әрекеттердің қорытындысы.
5. Балабақша тәрбиешілерінің құжаттарын тексеру.

**Бірінші мәселе бойынша,** балабақша меңгерушісі А.Ескараева өткен кеңестің шешімінің орындалуы жөнінде айтты. Балабақшада балалардың тілін дамыту іс – әрекеті жүзеге асырылады.Ұлттық мәдениет пен дәстүрді дәріптеу, қалыптастыру ата – бабаларымыздан бізге берілген байлығымызбен асыл қазынамыз.Сондықтан, ұлттық дәстүрді күнделікті тұрмыста пайдаланудың заманымызға сай ұрпақ тәрбиелеуге пайдасы орасан мол.Ұлттық мәдениет пен дәстүрді дәріптеуде мектепке дейінгі ұйымда тәрбиелік мәні ерекше – қазақ халқының ерте заманнан қалыптасқан мәдениеті мен дәстүрін мектеп жасына дейінгі балаларды ұлттық ойын арқылы адамгершілікке тәрбиелеу – мектепке дейінгі ұйымның басты міндеттерінің бірі, өйткені біздің қоғам өмірінде адамгершілік бастамалардың ролі барған сайын артып, ізгілік пен имандылық, мейірімділік сияқты адамгершілік құндылықтардың аясы кеңейіп келеді. Әр халықтың өз ұлттық ойындары және әр ұлттың ойынының өз ерекшеліктері бар.Бала тәрбиесі – баршамызға ортақ деп балабақша меңгерушісі өз сөзін жинақтап ұлттық мәдениет пен дәстүрімізді балабақшамызда қалыптастыру туралы айтып өтті.

**ТЫҢДАЛДЫ: Екінші мәселе бойынша;** «Отбасы,бала,балабақша», тақырыбы бойынша баяндамасын Л.Мамбетова таныстырып өтті.

**3. ТЫҢДАЛДЫ:**

**Үшінші мәселе бойынша,** балабақша психологы Н.Ахметова тренинг өткізді.Тренингтің мақсаты ұжымды еңбекқорлыққа және бірлестікке, педагогтар арасындағы қарым – қатынаста болуға,достыққа, мейірімді ұйымшыл болуға баулу.

**4.ТЫҢДАЛДЫ: Төртінші мәселе бойынша** Өткізілген ашық ұйымдастырылған іс – әрекеттердің қорытындысы.Бөбекжай балабақшада барлық топта ақпан айында ұйымдастырылған іс- әрекеттер өткізілді.Балалармен тәрбиешілер тығыз байланыста, балалар түсіне алады, айтқанды ұға алады. Ұйымдастырылған іс – әрекеттер барлық топта жалпы жақсы өткізілді.

**5.ТЫҢДАЛДЫ: Бесінші мәселе** бойынша балабақша әдіскері сөз алды.Балабақша тәрбиешілерінің құжаттары тексерілді. Үлгілік оқу бағдарламасына сай перспективалық және циклограмма жоспарлары талапқа сай орындалған. Жеке даму картасы жазылған.Әр айдың соңында құжаттары балабақша әкімшілігіне тапсырылып отыр.

**ШЕШІМІ:**

1. Өткен педагогикалық кеңестің шешімдері орындалуы қанағаттанарлық.

2.Тәрбиеші «Отбасы,бала,балабақша» тақырыбы бойынша баяндамасындағы іс- тәжірибесі оқу тәрбие процесінде пайдаланылсын.

3. Өткізілген ашық ұйымдастырылған іс – әрекеттер жақсы өткізілді деп қорытындылансын.

4.Құжаттардан табылған кемшіліктер жойылсын.

Педагогикалық кеңес төрайымы: А.Ескараева

Хатшы: А.Жұмантай

«НҰРДӘУЛЕТ-БАҚ» бөбекжай-балабақшасы

Нөмірленген бауланған
3 парақ бетте
Балабақша меңгерушісі

«НҰР ӘУЛЕТ-БАҚ» бөбекжай-балабақшасы

*«Нұрдәулет бақ» бөбекжай балабақшасы*
*жауапкершілігі шектеулі серіктестігі*

# *ОТБАСЫ,БАЛА,БАЛАБАҚША*

*Қазыбек би а\о,Абиболла ауылы*
*2023- 2024 оқу жылы*

# *Отбасы,бала, балабақша (дөңгелек үстел)*

**Мақсаты:**Ата –аналардың бала тәрбиесіне көзқарасын өзгерту,балбақшаға позитивтік қатынасын қалыптастыру.Педагогикалық және психологиялық сауаттылықты жетілдіру,қалыптасу мен дамыту мәселелері бойынша тәжірибе алмасу,бір бірімен сұқбаттасу.

**Көрнекіліктер:** нақыл сөздер, суреттер, теледидар, узи флешка, қалам,қағаз, тақырыбы.

Әдіс – тәсілдер:әңгіме, сұрақ-жауап,түсіндіру,көрсету,ойын, ассоциация,сауалнама.

**Барысы:**Зал іші шар, тақырыбы және нақыл,сөздер жазылған плакаттар мен мазмұнды суреттермен әсем безендірілген.

**1.Кіріспе.**Тақырыпқа байланысты қысқаша әңгіме,баяндама.Құрметті ата-аналар!Бүгін біздің «Балдәурен» тобында «Отбасы,бала,балабақша...» деген дөңгелек үстел өткізіліп жатыр.Біз бала,оның тәрбиесі,отбасы және балабақшаның бала тәрбиесіндегі орны туралы пікірлерімізді,өз ойымызды,көзқарасымызды ортаға салып сұхбаттасамыз,бір-бірімізбен тәжірибе алмасамыз.

Балабақшаға келер алдында бала отбасында тәрбиеленеді.Отбасы деген не? Отбасы адам баласының алтын діңгегі.Өйткені адам ең алғаш шыр етіп дүниеге келген сәтінен бастап,осында ер жетіп,отбасының тәрбиесін алады.

Отбасы-шағын мемлекет әр мемлекеттің өзіне тән өндіріс,өнім,сыртқы және ішкі саясаты,кіріс-шығыс бюджеті,тәртібі,заңы болады.

«Ел боламын десең-бесігіңді түзе» деген нақыл сөзді біздің ата-бабамыз мұра болып қалдырған.Бұл нақыл сөзді қалай түсінуге болады?

Қазақ отбасында өз баласының мейірімділікке,имандылыққа бауылып өсірген.Үнемі жанұясында осылай тәрбие ккрген бала ақырында,өздігінен тіл алғыш,адал,тиянақты,ұқыпты болып шыға келеді.

Тәрбие басы әдептілік деп білген ата –ана әуелі баласына өздерін сыйлап –құрметтеуді, қзгелерге, әсіресе үлкендерге, сыпайлық танытуды, ешкімді мұқатпауды үйреткен. Сонымен қатар, балаларының ер –азамат болып, халқына еңбек етулерін басты міндет етіп қойған.

**Отбасы** – жақын туыстық қатынас. Қазақтың отбасы негізінен үш ұрпақтан тұрады.Ол - ата,әке,бала.Ата-әжелер ауыл – аймақ,ағайын арасының берекесі,ақылшысы,болып келед.Олардың әрқашанда мәртебесі биік болып, сый –құрметке бқленген.Олар жыр, дастан,ертегі айтып немере –шөберелеріне рухани байтып тәрбиелеп отырған.

**Әке** – әулет басшысы,отбасы мүшелерінің тірегі,асырап сақтаушы, қамқоршысы.Әке үйі барлық балалары үшін үлкен үй, қара шаңырақ деген киелі ұғымдармен сыйлы да құрметі.

Әйел, ана – отбасының ұйытқысы,берекесі, мейір –шапағат көзі.Аналардың басты міндеті –отбасы беріктігін сақтау,бала тәрбилеу, ерлерін барынша сыйлау,рухани қолдау көрсету болып табылады.

«Әкеге қарап ұл өсер,шешеге қарап қыз өсер» дегендей ата –ана отбасында балаларына қандай тәрбие берсе ,ертең сондай бала өседі,ата –анасына сондай абырой алып береді.Сол себептен қазақ халқы бала тәрбиесіне ерекше назар аударған.Бала –әке –шешесінң перзенті, ұрпағы.Бала-ата –ананың көз нұры, көңіл қуанышы.Баланың ата-ана алдындағы ұлы парызы – мейіріммен,жақсылықпен қартайған кезенде бағу, еңбектерін қайтару.

Дүниедегі мақсатының да,міндетінің де ең үлкені –ол ертеңгі күнге өнегелі парасатты ұрпақ қалдыру.

Қазіргі заманда ата – әжелер немерелеріне ертегі, жыр айтып бермейді,ал әке –аналар бірыңғай тұрмыс жағдайға,ақша табуға көп назар аударады.Бала тәрбиесін балабақша,мектепке жүктеген.Мектепке дейін тәрбиесін міндеті баланы, жан – жақты тәрбиелу,дамыту болса да «Алты аға бірігіп –әке –бөлек.Ол орынды ешкім баса алмайды.Балабақша баланың отбасында алған тәрбиесін толықтырады,бағыт беріп тұрады.Балабақша отбасымен бірлесіп болашақ ұрпақ тәрбиелейді.

ҚР Конституциясының 27 бабында былай деп жазылған. «Балабақша отбасымен бірлесіп болашақ ұрпақ тәрбиелейді.

**2.Пікірталас.**Осы тақырыпқа,баяндамаға байланысты ата – аналардың пікірін,ойларын тыңдау.

сы тақырыпқа,баяндамаға байланысты ата –аналардың пікірін,ойларын тыңдау.

сы тақырыпқа,баяндамаға байланысты ата –аналардың пікірін,ойларын тыңдау.

**3.Сұрақ-жауап.**Мына сұрақтарға қалай жаап бересіздер? 21 ғасырдың ата –аналары қандай? Балаңыздың тәрбиесіне ата –енеңіз араласқанын қалайсыз ба? Балабақашаға балаңызды не себептен алып келдіңіз? «Тәрбие» деген, сіздің ойыңызша не? Балабақшадан не күтесіз?Сіз өзіңізді жақсы білесіз бе? Сіз өзіңізді кім деп санайсыз (Президент,қожайын,құл,квартирант т.б.?)

Балаңызға көп назар аударсыз ба? Балабақшаның қандай қажеттілігі бар?т.б.сұрақтар.

**4.Ассоциация.**Бала(балабақша,әке,ана) дегенде сіздерге қандай ой,елес бірден келеді?(бос орынды толтырыңыз,ойыңызды жазыңыз)

**5.Ойын-тренинг.** «Балық, құс,аң».

6. «Бала, бала,болашақ...».Теледидардан балалардың сұрақтарға жауап бергенін ккру,тыңдау.

Ата –аналардың пікірлерін тыңдау,сұрақтар арқылы бағыт беру.

Қазіргі балалар қандай?

Не себептен қыз бала пысықтау,батыл,ашық болып келеді? Ал ұл бала керісінше?

Балалар неге әкесі туралы аз айтады? т.б. сұрақтар

**8.Жағдаят.**Пікірлерін айту.

-Үйде сіздің екі балаңыз ұрсып қалды.Сіздің шешіміңіз қандай?

-Балаңыз үйге мысық алып келді.Сіз мысықты жақсы көрмейсіз.Сіз не дейсіз?

-Үйге қонақ шақырдыңыз.Қонақ келетін уақыт жақындады,сіз үлгермей жатырсыз.Ал үлкен балаңыз кіші балаңызбен бірге компьютерде ойын ойнап отыр.Сіз көмек сұрадыңыз.балаңыз тыңдамады.Сіз не істейсіз?

-Балаңызды балабақшадан алып келдіңіз.Баланың қолында бөтен біреудің затын көрдіңіз.Не істейсіз?

-Жұмыстан келіп үйдің тіршілігіне кірістіңіз.Жолдасыңыз теледидар көріп жатыр.Балаңыздың қайта-қайта келіп сіздің мазаңызды алды.Шешуіңіз қандай?

**9.Сауалнама**. «Менің қызығатыным» ата-аналарға арналған сұрақтар.

**10.Қорытындылау.**

Нөмірленген бауланған
___ парақ ___ бетте
Балабақша меңгерушісі ______
«НҰРДӘУЛЕТ-БАҚ» бөбекжай балабақшасы

«Нұрдәулет бақ» балабақшасы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

# № 5 ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС

**Өткізілген уақыты:** *02.05.2024 жыл*

**Түрі:**Қорытынды

**Тақырыбы:** 2023-2024 оқу жылындағы оқу-тәрбие жұмысын қорытындылау
**Мақсаты:**Педагогикалық іс – әрекеттің тиімділігі, өнімділігін анықтау



Қазыбек би а\о,Абиболла ауылы
2023-2024 оқу жылы

# ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕСТІҢ ОТЫРЫСЫ.

## № 5 Хаттама

**Өткізілгін уақыты**: 02.05.2024 ж

**Түрі:**Қорытынды

**Тақырыбы:** 2023-2024 оқу жылындағы оқу-тәрбие жұмысын қорытындылау

**Мақсаты:**Педагогикалық іс – әрекеттің тиімділігі, өнімділігін анықтау

**Төрайымы:** А.Ескараева

**Хатшысы:** А.Жұмантай

**Барлық педагогтар саны:9**

**Қатысқан педагогтар саны: 9**

**Күн тәртібінде:**

1. №4 педагогикалық кеңес шешімдерінің орындау,талдау,жасау.
2. Оқу процесінің жылдық қорытындысы.
3. Тәрбиешілер мен педагогтардың, психологтың, мейірбикенің жылдық жоспарының орындалуы.
4. Жаз мезгілінің жоспарымен таныстыру..
5. Тақырыпты бақылау қорытындысы.
6. Үлгілік бағдарламаның мазмұнын меңгеру бойынша қорытынды мониторингтің қорытындысы.

7.Тәрбиешілердің шығармашылық тақырып бойынша өткізілген іс – шаралары.

**Қаралды**

**1.ТЫҢДАЛДЫ:**

Бірінші мәселе бойынша, балабақша меңгерушісі Ескараева Аягоз Мырзакадыровна педагогтардың педагогикалық кеңеске қатысқан педагогтарды қадағалап, күн тәртібімен таныстырды. Сонымен қатар, №4 педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуы жөнінде ақпарат берді.

**ШЕШІМІ:**

1. №4 педагогикалық кеңестің шешімі орындалды деп есептелінсін

**2.ТЫҢДАЛДЫ:**

Екінші мәселе бойынша, барлық топтың тәрбиешілері, психолог, медбике 2023-2024 оқу жылында жүргізген жұмыстары бойынша қорытынды есеп берді. Тәрбиешілері топтатағы бала саны, ұлты туралы ақпарат берді. Тәрбиешілер өздерінің жұмыс жасаған бағдарламасын айта келе, ай сайынғы мерекелік іс-шараларға тоқталды. Мамыр айында жеңіс күніне орай тәрбие сағатын, ата-аналар жиналысын өтетінін. Мамыр айында ересек тобының балабақшамен қоштасу мерекесіне тоқталып кетті.

**Шешімі:** Балабақша педагогтарының 2023-2024 оқу жылындағы қорытынды есебі қанағаттанарлық деп есептелінсін.

**3.ТЫҢДАЛДЫ:**

Үшінші мәселе бойынша, балабақша психологі өзінің жоспарына сәйкес балалармен, педагогтармен және ата-аналармен жүргізген жұмыс жоспарының қорытындысын айта келе, Ересек топ балаларының мектепке дайындық деңгейінің тест қорытындысымен таныстырды.

Жәнеде балабақша мейірбикесі С.Қорғанбаева жаз мезгілінде тамақтың дұрыс беріліп бой өлшемдері, іш ауру ауруларын алдын алуды атап айтып өтті.Тәрбиеленушілердің қолдарын жуып жүруін,топта қайнатылған судың болуын айтып тапсырма беріп ережелерімен таныстырды.

**Шешімі:** Ересек топ балаларының мектепке психологиялық дайындығы анықталып, қорытындысы ата-аналарға таныстырылсын

**4.ТЫҢДАЛДЫ:**

Балабақша әдіскері жаз мезгіліне әдіскер тарапынан жасалатын жоспарда қарастырылған мәселелермен таныстырды. Ол жоспар маусым, шілде, тамыз айларына жасалып, меңгерушімен бекітілгенін айтты. Ал, тәрбиешілерге арналған жаздық циклограмма жасау туралы айтты.

**ШЕШІМІ:**

1.Жазғы сауықтыру шараларының жоспары бекітіліп, педагогтармен таныстырылсын.

**5.ТЫҢДАЛДЫ:** «Балалардың даму деңгейінің индикаторы» қорытынды маниторинг осы сұрақ бойынша балабақша меңгерушісі А.Ескараева айтып өтті.Оқу жылы барысында барлық топтың тәрбиешілерінің оқу бағдарламасын меңгеру деңгейі жақсы.Барлығы талапқа сай және ұйымдастырылған оқу іс – әрекеті жас ерекшеліктеріне сай жоспарланған.Қазіргі таңда үздіксіз білім беру еліміздің ертеңі қсіп келе жатқан жас ұрпақты білім нәрімен сусындап және жақсы тәрбие бере отырып,оқыту.

**ШЕШІМІ:**

1.Балабақша қызметкерлерінің жұмысын өорытындылау қанағаттанарлық.

**6.ТЫҢДАЛДЫ:**

Алтыншы мәселе бойынша, балабақша әдіскері Ескараева Аягоз Мырзакадыровна 2023-2024 оқу жылының мониторинг қорытынды есебін айтты.

Балабақшада меңгеру деңгейі I, II, III тоқсанда жүргізілетін мониторинг қорытындысымен анықталады. 2023 жылдың қорытынды мониторингі 15 мамырда 4 топта онлайн форматта жүргізіледі. Оның ішінде 1 кіші топ, 2

ортаңғы топ, 2 ересек тобы. Жыл соңында барлық топ бойынша бала саны - 100.

Бұл мониторинг педагогтардың бала дамуын үнемі бақылауы арқылы оның жетістіктерінің деңгейін ерте жастан бастап анықтау мақсатында жүргізіледі. 2023-2024 оқу жылының қорытынды мониторингінің нәтижесі Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарын толық орындады.

**Шешімі:** Балалардың жас ерекшелігіне сәйкес алынған мониторинг қорытындысы қанағаттанарлық деп есептелінсін.

**7. ТЫҢДАЛДЫ:**

Тәрбиешілердің шығармашылық тақырып бойынша өткізілген іс – шаралары.Жетінші сұрақ бойынша педагогтар 2023 – 2024 оқу жылының жылдық мақсатын іске асыру мақсатында белгіленген тақырыптар бойынша шығармашылық жұмыстарына есеп берді. (шығармашылық жұмыстары жазбаша түрді тапсырылды).

Педагогикалық кеңестің төрайымы А.Ескараева

Хатшы А.Жұмантай

Нөмірленген бауланған
4 парақ 4 бет
Балабақша меңгерушісі

«НҰРДӘУЛЕТ-БАҚ»